

## Омарбеков Т.

т.ғ.д., профессор,

«Орталық Азиядағы өркениеттерді зерделеу» тарихи-зерттеу орталығының директоры,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

e-mail: talas\_1948@mail.ru

### АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АЛШЫН АТАУЫ

Мақалада Қазақ халқының Кіші жүзінің құрамындағы Алшын тайпалар одағының атауына байланысты тарихи әдебиетте таралып кеткен аңызға талдау жасалады. Мұндайда автор Алшын тарихи атауын Ашина әулетіне байланысты атаумен салыстыра талдаулар жасай келе Алшын атауының да VIII ғасырлардан бастау алатын көне атау екенін көрсетпек болған. Мұндайды Алшын деген тарихының аңыз бойынша Қалша (Алшын) Қадыр аталғаны атап көрсетіледі. Бұл кісі атының көнелігін автор VIII ғасырдағы Күлтегіннің бас киіміндегі құс бейнесін мысалға ала отырып, шөлден және аштықтан қаталап, әскерден қалып қойған және өлім аузында жатқан осы Қалша (Алшын) Қадырды аспаннан қалықтап түскен ақ қаз (қаз ақ) құтқарып алыпты деген аңызды басшылыққа алады. Автордың Ашина деген кісімен Қалша (Алшын) Қадыр тағдырындағы ұқсастықтарды салыстыра талдауы шынында да бұл аңыздарда сюжеттік ұқсастықтар бар екендігін аңғартады. Аңыз дерек негізінде Алшын атауының көнелігін дәлелдемек болған автор бұл атаудың «қазақ» этнонимі қалыптаса бастаған тұстағы қазақ тайпаларының басын қосудағы маңызына да тоқтала кетеді. Мұндайда Қазақ хандығы тұсында қалыптасып біткен шежірелік деректерге сүйенген автор осы тайпалық одаққа біріккен Байұлы, Әлім және Жетіру тайпаларының бас қосу тарихына да шолу жасауды ұмытпайды. Бұрын тарихи әдебиетте зерттеушілер назарларын аударма қоймаған бұл мәселе зерттеушілер үшін маңызды болса керек.

**Түйін сөздер:** Кіші жүз, Алшын, қазақ, тайпа, аңыз.

Omarbekov T.

Dr., professor, director of the Historical and Research Center for the Study

of Traditional Civilization in Central Asia,

Al-Farabi Kazakh national University, Kazakhstan, Almaty,

e-mail: talas\_1948@mail.ru

### The Legendary name of Alshyn

The article analyzes the legend, which has become widespread in historical literature, about the name of the tribal association Alshyn in the Junior Zhuz. In this case, the author compares the historical name Alshyn with the dynasty of Ashin, and intends to show that Alshyn is a very ancient name dating from the 8th century. It states that Alshyn, according to legend, was called Kalsh (Alshyn) Kadir. The author shows the ancient origin of this man, citing as an example the image of a bird on the head-dress of Kültigin in the 8th century, and relying on the legend of how Kadyra, rescued from the army by Kalsh (Alshyn), is rescued by a white goose (Oaz aq). The author comparing the fate of Ashin and Kalsh (Alshyn) Kadyr finds similarities in the plot lines of these legends. Based on the legend, the author not only notes the ancient origin of the name Alshyn, but also emphasizes its importance for the unification of the Kazakh tribes, at a time when the ethnonym Kazakh was being formed. At the same time, based on genealogical sources that ended during the Kazakh Khanate period, the author also does not ignore the unification of the tribes of Bayula, Alim, and Zhetyra into one tribal union. Earlier in the historical literature this issue was not of interest to researchers, but this problem is of great importance for research.

**Key words:** The Junior zhuz, Alshyn, kazakh, tribe, legend

Омарбеков Т.

д.и.н., профессор, директор Историко-исследовательского центра  
по изучению традиционных цивилизации Центральной Азии,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: talas\_1948@mail.ru

**Легендарное название Алшын**

В статье анализируется легенда, получившая распространение в исторической литературе, о названии племенного объединения Алшын в составе Младшего жуза. Автор сравнивает историческое название Алшын с династией Ашина и показывает, что истоки названия Алшын восходят к VIII в. Здесь отмечается, что Алшыном по легенде назывался Калша (Алшын) Кадыр. Древнее происхождение этого человека автор доказывает, приводя в качестве примера изображение птицы на головном уборе Кюльтегина в VIII в., и опираясь на легенду о том, как израненного и голодного, отставшего от войска Калша (Алшын) Кадыра спасает спустившийся с неба белый гусь (қаз ақ). Автор, сравнивая судьбу Ашина и Калша (Алшын) Кадыра, находит сходство в сюжетных линиях этих легенд. На основе этой легенды автор отмечает не только древнее происхождение названия Алшын, но и подчеркивает его значение в ходе объединения казахских племен, во времена формирования этнонима «казах». В тоже время, опираясь на генеалогические источники, окончательно сформировавшиеся в период Казахского ханства, автор также не обходит своим вниманием объединение в один племенной союз племен Байулы, Алимұлы, и Жетіру. Ранее в исторической литературе данный вопрос не интересовал исследователей, но данная проблематика имеет важное значение для исследования.

**Ключевые слова:** Младший жуз, Алшын, казах, племя, легенда.

**Кіріспе**

«Алшын» этнонимі қазақ шежіресіндегі әйгілі атау. Кіші жүз қазақтарының үш бөліктен тұратын құрылымы, яғни, Байұлы, Әлімұлы және Жетіру ортақ атпен жанама түрде алшын аталатыны белгілі (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2006: 26). Бүгінде қазақ Алшындары мекендейтін аймақта «Атырау энциклопедиясы» атты еңбекте осыған байланысты мынадай жолдар бар: «Алшын – Кіші жүз руларының атасы. Сондықтан да бірқатар тарихи деректерде Кіші жүзді кейде алшын деп те атайды. Жазба шежірелік деректерге қарағанда, Алшын есімді адам басқарған бір бөлек тайпаның ежелгі мекені бүкіл түркі тайпалары сияқты осы күнгі Алтай өлкесі деседі» (Атырау: энциклопедия, 2000: 63).

**«Алшын» атауының шығу төркіні туралы деректер**

Ия, қазіргі тарихшылар «алшын» атауын осылай түсіндіреді. «Алшын» атауының бір кездері, дәлірек айтсақ, Қазақ хандығы құрылған алғашқы ғасырларда этноним ретінде де әрекет еткенін байқаймыз. Кіші жүздің рулары ежелгі ортағасырлық деректерде ортақ «алшын» атауымен көрініс береді. Мысалы, «алшын» атауы туралы алғашқы деректерде – XV-XVI ғғ. Дешті Қыпшақтағы тайпалардың құрылымын көрсететін «Маджму ат-тауарих» дерегінде

(МИКК, 2002: 217-220) және «Насаб-наме-ий узбек» атты шығармада, «Асами-йи наваду ду фирка-йи узбек» (Ахмедов, 1985: 130-131) дерегінде, «Тухфат ат-тауарих-и хани» (Султанов, 1982: 46) атты шығармада жеке тайпа атауы ретінде беріледі.

Дегенмен де бұл деректерде «Маджму ат-тауарихтан» бастап алшындар жалайырлармен, арғындармен, қоңыраттармен, наймандармен, қыпшақтармен, қаңлылармен және т.б. қатар берілетін болса, кейіннен Жетіруды құраған тайпалар, дәлірек атап айтар болсақ, керейіт, табын, тама, рамадан, телеу, кердері Алшын одағынан бөлек және онымен қатар жеке тайпалар ретінде көрсетілген. Мұның өзі Алшын одағына шын мәнінде, алғашқы кезде Байұлы мен Әлімұлы рулар бірлестігі мүше болған, ал Жетіру Тәуке ханның тұсында ғана қалыптасып, бір тайпа бірлестігін құрап, Кіші жүз құрамына кірген деп көрсеткен М. Тевкелевтің дерегі дұрыс болып табылатынын байқатады. Бір сөзбен айтқанда, Алшын шежірелік деректерде бүкіл Кіші жүздің түп атасы ретінде көрсетіледі (Материлы..., 1908: 224).

Тегінде, бұл атау тым ертеде Түрік қағанатының тұсында өмірге келсе керек және ол Ұлы Даланың батысында біртіндеп орныққан тәрізді. Халықтың тарихи санасы ежелгі түркі дәуірінен бастап кейінгі Қазақ хандығы тұсына дейін Алшын атауын негізінен шежірелік деректерде елге қадірлі тарихи тұлға ретінде түсіндіріп келді (Кердері Әбубәкір шежіресі,

2006: 369). Сандаған ғасырлар тезінен өтіп, ауызша тарихтың тұрақты кейіпкеріне айналған бұл есім ел арасында аңызға айналды.

Қазақ шежіресі бойынша, Алшыннан жалғыз ұл – Қыдуар есімді бала дүниеге келген. Қыдуардан Әлқожа, Асанқожа туады. Әлқожадан – Нәдірқожа, Сәдірқожа туады, Асанқожадан – Ерқожа, Қыдырқожа, Елтай, Естай, Ата, Қалпақ туады. Нәдірқожадан алты аталы Әлім, Сәдірқожадан жеті аталы Жетіру тарайды. Ерқожадан – Ожырай, Жаппас, Қыдырқожадан – Қыдырсиық, Сұлтансиық, Бақытсиық, Ысық, Мысық, Майса туады. Елтайдан – Адай, Естайдан – Беріш, Атадан – Есентемір, Қалпақтан – Таз туады. Қыдырсиықтан – Шенеш, Шеркеш, Сұлтансиықтан – Алаша, Масқар, Байбақты, Тана, Қызылқұрт туады. Бақытсиықтан бала болмай, інісі кей шежіреде – қызының баласы делінеді. Ысықты бала ретінде тәрбиелеп, одан Ысық Бақытсиықтан тараған болып есептеледі.

Қыдырқожадан он екі бала туған. Осы Қыдырқожа тарихи деректерде Байұлы деген атпен белгілі. Бұл он екі ата Беріш, Байбақты, Адай, Есентемір, Алтын, Алаша, Қызылқұрт, Тама, Таз, Жаппас, Ыстық, Серкеш (Шеркеш, Черкес) деп таралады. Сонымен бірге Қыдырқожадан Байсары, Әлім, Шемен деген балалар дүниеге келген. Осылардың үлкені Байсарыдан – Бозаншар, Майлыбай, ал екіншісі Әлімнен – Жаманак (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Айнық, Ұланак, Тегінболат, Тайқожа (Тоққожа) деген балалар тараған. Ал үшінші бала Шөменнен – Шөмекей, Дойт туған (Атырау: энциклопедия, 2000: 63). Алайда осы шежірелік деректер айна қатесіз шындық деп айтуға болмас. Біз әңгімелеп отырған қазақ шежіресі негізінен алғанда өткен заманның, нақтылай түссек, XVI-XVII ғғ. ауызша тарих айту дәстүрінің нәтижесі болып табылатындықтан онда бұрмаланған тұстар кездеседі. Ауызша тарих айтудың да

арғы тарихты «естен шығарып алатын», немесе кейбір аталарды «аттап» кетіп санайтын кемшін тұстары баршылық. Бұл, әрине, «Алшын» одағына кіретін руларға да қатысты. Бұл тарихи-этникалық бірлестік негізінен Қазақ хандығы тұсында қалыптасып бітті. Алайда бұдан Алшын одағын құраған рулар да осы кезеңде қалыптасты деген қате пікір тумауы керек. Бұл одаққа кіретін жекелеген рулардың таңбалары мен ұрандары олардың кейбірінің арғы тарихы жоғарыда айтқанымыздай, ежелгі түркі дәуірінен бастау алатынын байқатады. Шағын мақалада Алшын одағын құраған рулардың әрқайсысының қалыптасу тарихының өзіндік ерекшеліктерін жеке баяндап шығуға әрине, мүмкіншілік жоқ. Дегенмен де, тарихшылардың және ататек шежіресімен айналысатын зерттеушілердің ғылыми еңбектері бұл атаудың тарихи тамырының шынында да тереңде жатқанын мойындайды. Оның көнелігін «Алшын» атауының шығуына байланысты әртүрлі аңызға негізделген көзқарастар да дәлелдей түсетіндей. Мұндайда, әрине, ең назар аударарымыз – ол аңызға айналған Алшын атты жеке тұлға мәселесі болып табылады (Потанин, 1917: 60). Қазақ шежірелері әдетте, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Кіші жүз руларын Алшын атты нақты кісіден (тайпадан емес) таратады. Бұл кісі тегінде, Екінші Шығыс түркі қағанатымен қанаттас өмір сүрген Түргеш (Сарыүйсін) қағанаты заманында өмір сүрген тарихи тұлға болса керек. Бұған дәлел іздеп тарихи аңыздарға жүгінсек, кейде Қалша (Алшын) Қадыр деп те аталатын Алшын деген тұлға мен ежелгі түркіттердің мемлекетін ұйымдастырған Ашина (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2006: 29) есімді дара бейне тағдырында өзара мазмұндық ұқсастықтар бар екендігін аңғарар едік. Салыстырмалы және қысқаша түрде олардың мағынасын төмендегіше қарастыруға болады:

<b>Ашина туралы аңыз</b>	<b>Қалша (Алшын) Қадыр туралы аңыз</b>
Аңыз – түркіттерге (түріктерге) қатысты	Аңыз – Сарыүйсіндерге қатысты
Ашина – Батыс теңіздің жоғарғы жағындағы мемлекет билеуші рудың баласы.	Қалша Қадыр – Сарыүйсіннің баласы болыпты.
Түркіттерді көршілес мемлекет талқандаған соң, адамдарын қырып, бір ер баланы ен далаға тастап кетіпті.	Қалша (Алшын) шөлден және аштықтан қаталап, әскерден қалып қойыпты және өлім аузында жатыпты.
Бір қаншық қасқыр үнемі ет әкеліп беріп тұрды, соны өлжал еткен бала, өлмей аман қалды.	Бірақ оны аспаннан қалықтап түскен ақ қаз (қаз ақ) күтқарып алыпты.
Кейін келе ол қасқырмен жақындасып, оны буаз қылды.	Ақ қаз өте мейірімді екен және Қалша Қадырмен жанасыпты
Қасқырдан туған он ұлдың біреуінің әулет есімі Ашына еді.	Қалша Қадырдың осыдан туған ұрпақтары қазақ атала бастапты.

Бұл аңыздарды тағы да жақындата түсетін нәрсе, Ашина (Ашына) да, Қалша (Алшын) Қадыр да өте ақылды, ерекше жандар, сондықтан да болар, олар ел басқарушылар (қағандар) болып табылады. Мазмұн жағынан аса жақын бұл аңыздардың шын мәнінде, ортақ халықтық логикалық жүйеге құрылғанын және бір сарынды білдіретінін байқау қиын емес деп ойлаймыз. Ежелгі түріктердің кезінде шамамен VI-VII ғғ. таралған Ашина туралы аңыз кейіннен бұл билеуші әулеттің биліктен ығыстырылуына байланысты, тіптен Ашина әулеті басқа әулеттерге сіңісіп, тарих сахнасынан кеткен IX-XIII ғғ. да халық санасында аңыз түрінде қатталып, сақталып қалған.

Мұндайда мынаны да ұмытуға болмас: ежелгі түркілерде қасқыр, дәлірек айтар болсақ көк бөрі адамдар табынатын тотемдік ерекше аң болған (Козьмин, 1925: 11). Сондықтан да алғашқы аңызда Ашинаны асырап-сақтаушы да осы көк бөрі. Алайда шығыс түркілері VIII ғасырға қарай қасқырды емес, құсты өзінің төтеміне айналдыра бастады. Мұны біз Екінші Шығыс Түрік қағанатының қайраткері Күлтегіннің бас киімінде нақышталған құс бейнесінен аңғара аламыз. Бұл жерде Қалша (Алшын) Қадырды құтқарған аққу құс туралы аңыз тағы да еріксіз еске түседі. Сондықтан да жоғарыда атап кеткеніміздей, бұл қахарманымыз да осы заманның адамы болуы әбден мүмкін.

Түркі қағанаттарын VIII ғасырдың ортасында Ұйғыр қағанаты күйретіп, түрік атауын ұйғыр атауы ауыстырып, алғашқысының тарих сахнасынан кетуіне және арада біраз уақыттан соң манжүртілдес жаңа билеушілердің жаңаша моғолдық шежірелік жүйеге негізделген билігінің орнығуына байланысты, ежелгі түркілерді билеген әулеттің қасқырдан таралғаны туралы аңыз түркітілдестер дүниесінде біртіндеп ұмытыла бастады. Тіптен, аңыз тұрмақ бұл заманда Ашына руының әйгілі елі – түркіттердің өздерінің атауы да атаусыз қалды. Түркілер енді оғыз, қарахан, қыпшақ, найман, керей, монғол, алаш аталып, әртүрлі тайпалық және әулеттік ұлыстарға ыдырап кетті. Халықтың санасында сақталып, жадында ұмытылмай қалған нәрсе – ол түркілердің бабасы болып табылатын Ашинаның қалай өмірге келіп, адам болғаны туралы аңыз ғана еді. Оны көршілер, қытай жылнамашылары қағазға түсірді.

Алайда жаңа жағдайда жаугершілік қарымқатынастың азая түсуіне байланысты ұшқан құсты табынатын тотемге айналдыру кең тарала бастады. Осындайда қасқырдың орнын

енді киелі құс – аққу (ақ қаз) ауыстыра бастады. Осының нақты көрінісі – қытайдың «Суйшу» жылнамасында айтылатын ағайынды төрт ұлдың бірінің аққуға айналып кеткені туралы аңыз әңгіме. Осы мәселені талдаған Н. Аристов бұл жерде аңызға айналған ұлдың көшіп-қонған тайпаны білдіретінін атап көрсеткен еді (Петров, 1964: 89). Мәселенің байыбына нақтырақ бару үшін Қытайдағы бауырларымыз тікелей қазақ тіліне аударған осы аңыздың толық нұсқасын «Солтүстік әулеттер тарихының 99 бумасындағы» «Түрік, Батыс Түрік, Телек» тарауынан келтіре кетелік. Онда мұнадай жолдар бар: «былай деп те айтады: Түріктердің арғы аталары Ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты. Олардың ұлыс көсемі Адам бек деп аталды. Олар жетпіс ағайынды еді. Оның біреуі-Іді Нышида деген, ол қасқырдан туды. Адам бектер тумасынан өте ақымақ болды да оның мемлекеті жойылып кетті. Ал Нышиданың табиғаттың өзгеше қасиетін сезетін қасиеті бар еді. Ол күнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді. Нышида екі әйел алды. Оның бірін жаз бен қыс тәңірінің қызы дейді. Ол бір жолда төрт егіз ұл тапты. Оның бірі *аққуға* (бөліп көрсеткен біз – авт.) айналды. Біреуі Абасу мен Кем өзендері арасынан Қырғұр деген мемлекет құрды; енді бірі Чатша судың бойынан мемлекет құрды; тағы бірі Басчатшаш тауында мекендеді. Бұл оның үлкен ұлы еді. Осы тауда Адам бектің ұрпақтары да болды. Олар көбіне аш-жалаңаш жүруші еді. Үлкен ұлы от шығарып олардың бойын жылытты, асырады, барлығына қолғабыс тигізді. Осылайша олар үлкен ұлды құрметтеп, өздерінің көсемі етіп сайлады. Бұған «Түрік» деген атақ берілді. Оның өз аты – Нағыз Түрік шад еді. Түріктің он әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің әулет есімімен аталды. *Ашына* (бөліп көрсеткен біз – Т.О) – оның кіші әйелінің баласы еді. Түрік өлгеннен кейін, он әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды ұйғарды. Олар бір бәйтеректің түбіне жиналды. Олар «қайсысымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады» деп уәделесті. Ашына жасының кішілігіне қарамай, бәрінен биік секірді. Сонан бауырлары оны Ағын шад деген лауазыммен қошеметтеп, таққа отырғызды. Айтылуы әртүрлі болғанымен, бұл аңыздардың барлығының түйіні Түріктің арғы тегі қасқырдың тұқымы дегенге саяды» (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006: 109).

Сонымен бұл аңыздан байқап отырғанымыз, «түріктердің арғы аталары Ғұндардың солтүс-

тігіндегі Сақ елінен шыққан» Іді Нышида деген кісі екен, оның төрт ұлының бірі аққуға айналып кетіпті-мыс. Осы ұлдардың үлкенінің есімі – Нағыт Түрік шад екен. Оның он әйелінің ең кішісінен Ашына туып, ол патша тағына Ағын шад лауазыммен отырыпты. Білетініміз, осы Ашына (Ашина) әулеті олардан билікті ұйғырдың яғлахар әулеті тартып алғанша (VIII ғасырдың ортасына дейін) түркілерді биледі. Ал біз әңгімелеп отырған Алшынның (Қалша Қадырдың) тағдырындағы аққудың осы аңызда тағы да кездесуі, жоғарыда біз айтқандай, бұл кісіні де сол заманмен байланыстырады.

Мұндайда айтпай кетуге болмайтын тағы бір мәселе, ақ қаз немесе аққу туралы аңызды кейбір зерттеушілердің «қазақ» қазақ деп оқуға әуестенуі дер едік. Мұндай пікірдің қисынсыздығы және күшпен бұрмаланып жасалғандығы бір ғана мәселеден айқын көрінеді. Қазақ тілінде «ақ қаз» атты құсты еш уақытта керісінше, сөздердің орнын ауыстырып, «қазақ» деп айтпайтынын осындай аңыздан «қазақ» этнонимін шығарып алуды ойлаған зерттеушілер ұмыта береді. Өкінішке орай, мұны кейінгі замандағы көптеген зерттеушілеріміз де аңғармай отыр. Тегінде бұл жерде әңгіме ақ қаз туралы емес, ежелгі түркі аңызында айтылатын, біз жоғарыда мазмұнын қытай жылнамасы негізінде баяндаған аққу туралы болса керек. Дегенмен де осындай қорытындыны жасай отырып, жоғарыда айтылған түркі халқының шығу тегін қасқырдан, немесе аққу, ақ қаз тәрізді құстардан тарататын мұндай аңыздардың деректік тұрғыдан негізсіз емес екендіктерін де айтпай кетуге болмас. Ежелгі Байкал бойындағы түркілердің кейбір руларының бірнеше аң-құстардан әртүрлі тәңірлер жасап, политеистік бағыттар ұстанғандарын кезінде Л.Н. Гумилев та нақты жазған еді. Мысалы, буряттар осындай 99 тәңіріге сыйынған екен. Аталмыш ғалым осыған байланысты өзінің пікірін төмендегіше негіздейді: «С такой развитой системой политеизма сопрягается реминисценция тотемизма, священнослужитель (которого назвать шаманом нельзя) носить на одежде бляху с изображением зверя (например, волка, лебедя, гуся и т.д.). Это изображение указывает лишь на принадлежность к данному роду, восходящему к мифическому прародителю-зверю» (Гумилев, 1993: 81).

### Қорытынды

Сонымен қорытып айтар болсақ, жоғарыда әңгімеленген «алшын» этнониміне байланыс-

ты ғылыми тұжырымдарымызды төмендегіше нақтылап қойғанымыз жөн болар: «Алшын» атауы шын мәнінде, өзінің шығу тарихы жағынан ежелден бастау алатын түркіттердің ашын (ашина) әулеті атымен замандас. Оның үстіне жоғарыда айтқанымыздай, бұл атауларды шежіре мен аңыз деректерге сүйеніп жеке адамның есімі ретінде қарастырсақ та, және аңыз-деректерді тарихи салыстырмалы түрде зерттеп, талдасақ та, олардың жақын, туыстас, қатар шыққан және уақыт өте келе аздап өзгеріске түскен сөздер екендігін байқай түсеміз. Мұндай өзгерістің орын алуына байырғы ашынның (Ашиналардың) Түргеш қағанаты аумағында биліктен кетіп, бірнеше ғасырлар бойы олардың шын мәнінде, жеке әулет ретінде өмір сүруден қалып, тарихи санада аңызға айналған түсінік түрінде сақталып қалуы ықпал жасаған деп ойлаймыз. Ал бірнеше ғасыр өткен соң, кейінгі Қазақ хандығының ұйысуының алғашқы кезеңіндегі батыс Қазақстан территориясындағы ордаежендік тайпаларды қолдаған қазақ ру-тайпаларының осы аймақты билеуші маңғыт және ноғай тайпаларына қарсы күресінде қалыптасқан тайпалардың жаңа бірлестігін ежелгі тарихи санадағы тарихи тұлға туралы түсініктің негізінде «алшын» деп атай бастағанын мойындауымыз керек тәрізді. Уақыт өте келе, Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ хандығының Батыс Қазақстан территориясына қанат жая бастауы алшынның (Байұлы және Әлімұлы тайпаларының) осы мемлекеттік құрылым құрамына еніп, қазақтар атана бастағанын аңғаруға болады. Дегенмен де Батыс Қазақстандағы аталған тайпалар бірлестіктері (Байұлы, Әлімұлы) жаңа мемлекеттің – Қазақ хандығының құрамында да өздерінің «алшын» атауынан ажырай қойған жоқ (Материалы по истории Казахской ССР, 1940: 58 ). Оның үстіне, Тәуке ханның тұсында Алшын одағына Жетіруға құралған тайпалар кірме болып кіріп, алшынның қатарын көбейте түсті (Сәдібеков, 1994: 119).

Қазақтың XVI ғ. орта шенінен бастап XVII ғ. басына дейінгі кезеңде үш ордаға бөлінуінің аяқталуы да «алшын» этнонимінің Кіші жүз территориясында сақталып қалуына, орныға түсуіне жағдай жасады (Аманжолов, 1959: 14). Сондықтан да тайпалық одақтарды біріктірген, және осы одаққа енген рулардың өздері ортақ аталары ретінде мойындаған «алшын» атауы көрші халықтар, ата жауымыз шайбандық өзбектер өздерімен шатастырмай ажырату үшін ойлап шығарған жалпыұлттық «қазақ» этнониміне қайшы бола қойған жоқ. Алшын

өздерімен туыстас және рухтас қазақ руларымен бірге жаңа ұлттық мемлекетке бірікті, яғни қазақтар атанды (Омарбеков, 2017: 134-135). Мұндайда қастерлі де қасиетті Алшын аты да естен шыға қойған жоқ. Ол бұрынғысынша тайпа бірлестігінің аты ретінде Кіші жүз қазақтарын бірігуге, туысқандыққа және бауырластыққа шақыратын этникалық құрылым және ортақ рухани негіз болып сақталып қалды.

Әрине, мұндайда «қазақ» атауының халықтық және мемлекеттік мағынада қолданылғандықтан «алшын» атауынан үстемдік алып, қазақты құраған ру-тайпалардың басын біріктіруде үлкен маңызды рөл атқарғанын, халқымыздың

біртұтас ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мемлекетін нығайтуына жол ашқанын, алғышарттар қалағанын әсте де ұмытуға болмайды (Қазақтың көне тарихы, 1993: 103). Сондай-ақ «алшын» атауының да батыс Қазақстандағы қазақ ру-тайпаларының рухани, этно-саяси ынтымағын нығайтуда белгілі бір тарихи кезеңдерде (XV-XVII ғғ.) маңызды ұйыстырушы ықпал жасағанын тарих әрқашан есте сақтайды (Исин, 1988:25).

«AP05135345 – Түркі халықтары әлемінің этнотарихи сипатын қалпына келтірудегі мифологиялық универсалдар мен рухани тәжірибелер» іргелі-зерттеу жобасы аясында орындалды.

### Әдебиеттер

- «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». (2006). Керейт IV том. Алматы: «Алаш тарихи-зерттеу орталығы». Атырау: энциклопедия. (2000). Алматы. МИКК. (2002). Бишкек. Ахмедов Б.А. (1985). Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. (Письменные памятники). Ташкент. Султанов Т.И. (1982). Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). Москва. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные по исследованию степных областей. (1908). Тургайская область. Кустанайский уезд. Том V -й. 1908. Кердері Әбубәкір шежіресі (2006). Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Рамадан YII том. Алматы: «Алаш тарихи-зерттеу орталығы». Потанин Г. (1917). Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. Петербург. «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». (2006). Кердері III том. -Алматы: «Алаш тарихи-зерттеу орталығы». Abul-Ghazi Bahadur-khan. (1996). Family tree of Türks. Moskva- Tashkent. Bishkek. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). (2006). 2-кітап. Алматы. Аристов Н.А. (1895). Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и каракиргизов. Санкт-Петербург. Козьмин Н.Н. (1925). Хакасы, Иркутск. Y11 б. Петров К.И. (1964). К этимологии термина «кыргыз». Советская этнография. №2. 1964. Гумилев Л.Н. (1993). Древние тюрки. Москва. Материалы по истории Казахской ССР. (1940). Т.IY. Москва-Ленинград. Сәдібеков З. (1994). Қазақ шежіресі. Ташкент. Аманжолов С. (1959). Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, ч. I. Омарбеков Т. (2017). Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. Алматы. Қазақтың көне тарихы. (1993). Алматы. Исин А. (1988). Взаимоотношения между Казахским ханством и Ногайской Ордой в XVI в. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата.

### References

- «Kazak, ru-taypalarynyn tarikhy»(2006). [«History of the Kazakh tribes»]. Kereyt IV tom. -Almaty: «Alash tarikhi-zertteu ortalygy».
- Atyrau: entsiklopediya. (2000). [Atyrau: Encyclopedia]. Almaty.
- MIKK. (2002). [MIKK]. Bishkek.
- Akhmedov B.A. (1985). Istoriko-geograficheskaya literatura Sredney Azii XVI-XVII v.(Pis'mennyye pamyatniki). [Historical and geographical literature Middle East XVI-XVIII cent.( written monuments)]. Tashkent.
- Sultanov T.I. (1982). Kochevyue plemena Priaral'ya vXV-XVIII vv. (Voprosy etnicheskoy i sotsial'noy istorii). [Nomadic tribes of the Aral Sea regionin XV-XVIII cc. (Questions ethnical and social history)]. Moskva.
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu sobrannyye i razrabotannyye po issledovaniyu stepnykh oblastey. Turgayskaya oblast'. Kustanayskiy uyezd. (1908). [Materials on the introduction of the surveyed and developed research in the steppe regions. Turgay region. Kostanay county]. Tom Y -y.

Kerderi Abubakir shezhiresi. (2006). [Chronicles of Abubakir]. Kazak, ru-taypalarynyn tarikhy». Ramadan VII tom. -Almaty: «Alash tarikhi-zertteu ortalygy».

Potanin G. (1917). Kazak-kirgizskiye i altayskiye predaniya, legendy i skazki. [Kazakh-Kirghiz and Altai Precedents, legends and tales]. Peterburg.

«Kazak, ru-taypalarynyn tarikhy». (2006). [History of the Kazakh tribes»]. Kerderi III tom. -Almaty: «Alash tarikhi-zertteu ortalygy».

Abul-Ghazi Bahadur-khan. (1996). Family tree of Türks. Moskva.- Tashkent. Bishkek.

Kytay zhylnamalaryndaғы kazak, tarikhyynyn derekteri (b.z. 275-840 zhyldary). (2006). [The history of the Kazakh history in Chinese annals (275-840 CE)]. 2-kitap. Almaty.

Aristov N.A. (1895). Opyt vyyasneniya etnicheskogo sostava kirgiz-kazakhov Bol'shoy Ordy i karakirgizov. [The discourse is based on the ethnic composition of the Bolshoi Orda and Karamagizov]. Sankt-Peterburg.

Koz'min N. N. (1925). Khakasy [Khakassians]. Irkutsk. V11 b.

Petrov K.I. (1964). K etimologii termina «kyrgyz». [The etymology of the term «Kyrgyz»]. // Sovetskaya etnografiya. №2.

Gumilev L.N. (1993). Drevniye tyurki. [Ancient Turks]. Moskva.

Materialy po istorii Kazakhskoy SSR. (1940). [ Materials on the history of the Kazakh SSR]. T.IV. Moskva-Leningrad.

Sadibekov Z. (1994). Kazak shezhiresi.[The Kazakh Chronicle]. Tashkent.

Amanzholov S. (1959). Voprosy dialektologii i istorii kazakhskogo yazyka. [Issues of dialectology and the history of the Kazakh language.]. Almaty.

Omarbekov T. (2017). Kazak, memleketi: kağanattar, ulustar men khandyktar bayany. [Kazakh state: the story of Kaganates, Native people and Khanates]. Almaty.

Kazaktyn kone tarikhy.(1993). [The Ancient History of the Kazakhs ].Almaty.

Isin A. (1988). Vzaimootnosheniya mezhdru Kazahskim khanstvom i Nogayskoy Ordoy v XVI v.[ The relationship between the Kazakh Khanate and the Nogai Horde in the XVI in]. Avtoref. kand. diss. Alma-Ata.